

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
« ____ » _____ 20__ ж.
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

Саудалық атауы
Люголит-DF®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Жоқ

Дәрілік түрі мен дозасы
1%, сыртқа қолдануға арналған спрей

Фармакотерапиялық тобы
Респираторлық жүйе. Тамақ ауруларын емдеуге арналған препараттар.
Антисептиктер. Басқа да препараттар.
АТХ коды R02AA20

Қолданылуы
- катаральді баспада
- жедел және созылмалы тонзиллитте, фарингитте
- афтозды стоматитте

Өтінім бергенге дейін қажет ақпарат тізімі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- йодқа және басқа да препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық
- жүктілікте және лактация кезеңі
- қалқанша бездің гиперфункциясы
- қалпына келмейтін жүрек, бүйрек жеткіліксіздігі
- радио белсенді йодпен диагностикалық зерттеулер немесе емдеу (зерттеуге немесе емдеуге дейін және одан кейін 2 апта бойы)
- герпес тәрізді Дюринг дерматиті
- 8 жасқа дейінгі балалар

Қолдануға қатысты сақтық шаралары

Препаратты ішуге болмайды.

Тыныс алу жолына түспестен, препаратты абайлап қолданыңыз!

Туберкулез, геморрагиялық диатездер кезінде, ларингоспазм болуы мүмкіндігіне байланысты ларингитте сақтықпен қолдану керек.

Басқа дәрілермен өзара әрекеттесуі

Фармацевтикалық эфир майларына, аммиак ерітінділеріне сәйкес келмейді Сілтілі немесе қышқыл реакция, майдың, іріңнің, қанның болуы антисептикалық белсенділікті әлсіретеді

Йод препараттары кейбір дәрілік заттардың (соның ішінде ацетилсалицил қышқылының) асқазан - ішек жолының шырышты қабығына тітіркендіргіш әсерін күшейтуі мүмкін.

Арнайы сақтандырулар

Басқа дәрілік заттарды қабылдау кезінде қолдану мүмкіндігі туралы дәрігермен кеңесу қажет.

Балаларға

Рефлекторлы бронх түйілуін туғызуы мүмкін болғандықтан, 8 жасқа дейінгі балаларға қолдануға болмайды.

Дәрілік заттың көлік құралын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Жағымсыз әселерді ескере отырып, автокөлікті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқарғанда сақ болған жөн.

Пайдалануға арналған ұсыныстар

Дозалау режимі

Баспаны, тонзиллит немесе фарингитті емдеу үшін бүріккішті ауыз қуысына 2-3 см енгізу керек, тынысты тежеп, бір бүрку оңға, екіншісін солға жасайтындай бүріккіштің ұшын 2 рет басу керек.

Стоматитті емдеу кезінде ауыз қуысының шырышты қабығына бүрку керек.

Қолдану ұзақтығы аурудың сипатына, оның ауырлығына байланысты және дәрігер анықтайды.

Енгізу әдісі мен жолы

Жергілікті, сыртқа.

Препаратты қалай қолдану керектігін түсіндіру үшін медициналық маманнан кеңес алуға кеңес беру

Препаратты қолдану тәсіліне қатысты күмән пайда болған жағдайда емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Егер емдеуден кейін жақсарту туындамаса немесе симптомдар қиындатылса немесе жаңа симптомдар пайда болса, дәрігермен кеңесу қажет.

Препаратты нұсқаулықта көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес ғана қолданыңыз.

Препаратты стандартты қолдану кезінде пайда болатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және бұл жағдайда қолданылатын шаралар

Төменде ұсынылған жағымсыз реакциялар кездесу жиілігіне сәйкес көрсетілген.

Өте жиі (>1/10)

- жергілікті тітіркендіретін әсері бар (шымылдатып ашыту);

Сирек (>1/10 000-нан ≤1/1 000-ға дейін)

- аллергиялық реакциялар (қышыну, гиперемия, есекжем);

Өте сирек

- йодизм (металл дәмі, тұмау, есекжем, Квинке ісінуі, сілекей ағуы, жас ағуы, асқазан-ішек жолдарының бұзылуы).

Жағымсыз әсерлер пайда болғанда препаратты қолдануды тоқтату керек

Егер дәрілік заттардың жағымсыз реакциялары пайда болса, дәрі-дәрмектің тиімсіздігі туралы есептерді қоса, дәрі-дәрмектерге жағымсыз реакциялар (іс-әрекеттер) туралы ақпаратпен, медицина қызметкерімен немесе фармацевтика қызметкерімен байланысыңыз:

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті

<http://www.ndda.kz>

Қосымша ақпарат

1мл препараттың құрамында

белсенді зат: йод 0,01 г;

қосымша заттар: калий йодиді, глицерин 85%, тазартылған су.

Сыртқы түрін, иісін, дәмін сипаттау

Йодтың иісі бар қызыл-қоңыр түсті мөлдір шәрбат тәрізді сұйықтық

Шығарылу түрі және қаптамасы

30 г препараттан бүріккіш түтіктің ұшында және басында қорғағыш қалпақшасы және механикалық бүріккіші бар мойны бұралып жабылатын күңгірт шыныдан жасалған құтыда. Құты пластик пакетке салынған. Бір құтыдан қазақ және орыс тіліндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Немесе, 30 г препараттан бүріккіш түтікшенің ұшында және басында қорғағыш қалпақшамен қамтылған, жиынтықта механикалық бүріккіші бар, пластик пакетке салынған бұралып жабылатын пластик қақпақпен тығындалған, мойны бұралып жабылатын күңгірт шыныдан жасалған құтыда. Бір құтыдан механикалық бүріккіші және қазақ және орыс тіліндегі медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған.

Сақтау мерзімі

3 жыл.

Қолдану кезеңі құтыны ашқаннан кейін бүріккішпен жиынтықта-28 тәулік Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Өндіруші туралы мәліметтер

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3

Тел.: (727) 253-03-88, электронды пошта: dosfarm@dosfarm.kz

Тіркеу куәлігін ұстаушы

«DOSFARM» ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3

Тел.: (727) 253-03-88, электронды пошта: dosfarm@dosfarm.kz

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың қауіпсіздігін тіркеуден кейінгі бақылауға жауапты өнім сапасы бойынша шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы

"DOSFARM" ЖШС, Қазақстан, 050034, Алматы қ., Чаплыгин к-сі, 3

Тел.: (727) 253-03-88, электронды пошта: dosfarm@dosfarm.kz